

**ЖК «Улжан Айдаровна», «Мадагаскар» жеке балабақшасы кезектен
тыс педагогикалық кеңес отырысының №4 §1 хаттамасы**

31.03.2025 ж.

Төрайымы: Серікова Н.С.

Төрайым орынбасары: Ахметкалиева А.А.

Хатшы: Қуатова Ж.М.

Қатысқаны: 12 педагог

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы «23» қазандағы №537 бұйрығы негізінде балабақшада өзін-өзі бағалау жүргізу. /жауапты: меңгеруші Н.С.Серікова/
2. Бөбекжайда өзін-өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

Тыңдалды:

Н.С.Серікова-меңгеруші: 2024 жылғы «23» қазандағы №537 бұйрығына сәйкес 2025 жылдың маусым айында балабақша мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін 2022-2025 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Мемлекеттік аттестаттау-мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5 жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) арасында онлайн форматта сауалнама жүргізу ұйымдастырылады.

Балабақшада өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін төрағаны қоса алғанда, білім беру ұйымының кемінде 5 адамнан тұратын аттестаттау комиссиясы құрылу керек. Комиссия мүшелері 2022-2023, 2023-2024 және ағымдағы оқу жылының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Сөз сөйлегендер:

А.А.Ахметкалиева-әдіскер: Бағаланатын кезеңге қандай талаптар қойылады? Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілетіні және бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейін жеті ай бағаланатын кезең болып табылады. Бақылау кезінде ең басты мақсат: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына

қойылатын талаптардың орындалу екендігі, яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын бекіту, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтары мен әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес білім беру қызметінің жүзеге асырылып, орындалуы басты бақылау нысаны екендігі түсіндірілді.

Балабақшаның бағаланатын кезеңі: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарын қамтиды.

Н.С.Серікова-меңгеруші: Балабақшаны мемлекеттік аттестациядан өткізу үшін балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес аттестация комиссиясы құрамына төмендегі қызметкерлер ұсынылды.

Комиссия төрайымы: Н.С.Серікова – меңгеруші, қазақ тілі пәні мұғалімі

Комиссия мүшесі: А.А.Ахметкалиева-әдіскер, тірбиеші

Г.М.Халиуллина-тәрбиеші

Ж.М.Қуатова -тәрбиеші

Д.У.Батырова-есепші

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүргізілетін және соған байланысты кезеңдеріндегі құжаттардың толықтай қамтылуын, жүргізілетін жұмыстардың талапқа сай жүйелі түрде жүргізілуі қажет екендігі ескеріліп, өзін-өзі бағалау жұмысының жүйелі жүргізілуі жұмыс жоспары құрылсын.

Шешім:

1. Балабақшада өзін-өзі бағалау кезеңі 2025 жылдың 01-30 сәуірі аралығында жүргізілсін
2. Балабақшада өзін-өзі бағалау жүргізу үшін бұйрық негізінде комиссия құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін.

Комиссия төрайымы: Н.С.Серікова – меңгеруші

Комиссия мүшесі: А.А.Ахметкалиева-әдіскер

Г.М.Халиуллина-тәрбиеші

Ж.М.Қуатова -тәрбиеші

Д.У.Батырова-есепші

Педагогикалық кеңес төрайымы **Н.С.Серікова**

Хатшы:

Ж.М.Қуатова

